

АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазіргі кезде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бүгінгі таңда оқыту технологиясы жаңа өзгеріс үстінде. Білім берудің парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда. Жаңа технологиямен оқытудың негізгі мақсаты – берілген үлгі бойынша «өнім» алу, оқытудың тиімділігін, сапасын көтеру. Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: студентке ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің бірлігін ұштастыру, студенттің танымдық және шығармашылық икемділігін дамыту, өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту, жүйелі жұмыс істеуді, оқу үрдісін сезінуін және жоғары деңгейде ойлана білуін қамтамасыз ету [1]. Кез келген білім беру саласында оқытудың озық технологиясын меңгермейінше білікті, заман талабына сай жан-жақты маман дайындау мүмкін емес. Әлемдік деңгейде кәсіби біліктілігі жоғары мамандар даярлау керектігінің жаңа бағыты: Қазақстан Республикасының Балон декларациясына қосылуы, яғни республикамыздың 30 жетекші жоғары оқу орындарының бірыңғай еуропалық білім беру кеңістігіне кіруге бағытталған қадамы болғандықтан, оның ЖОО-на септігін тигізетініне сеніміміз мол. Қазіргі кезде оқытудың жаңа технологияларын білім беру барысында қолдану арқылы студенттердің тәжірибелерін жетілдіру, сонымен қатар, заман талабына сай білікті көлік мамандарын даярлау.

Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Осыған орай арнайы пәндерді оқытуда жаңа технологияларды пайдалану арқылы болашақта біліммен жан-жақты қаруланған мамандарды даярлау жұмысымыздың басты бағыты болып отыр.

Арнайы пәндерді оқыту барысында студенттердің пәнге қызығушылығын арттыру және өзіндік ізденістерін жандандыру

мақсатында жаңа технологияны қолдану бірнеше кезеңдерді қамтиды:

- I кезең: оқып-үйрену;
- II кезең: меңгеру;
- III кезең: өмірге ендіру;
- IV кезең: дамыту.

Арнайы пәндерді оқытуда жаңа технология түрлері төмендегідей ұсынылады:

1. Білім берудің ізгілендіру технологиясы (Ш.А.Амонашвили). Бұл технологияның мақсаты мен мағынасы: студентті азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, студенттің жаны мен жүрегіне жылылық ұялату, адамгершілік тәрбие беру.

2. Тірек белгілері (сызбасы, сигналы) арқылы оқыту технологиясы (В.Ф.Шаталов). Мақсаты: білім, білік, дағдыны қалыптастыру, барлық студентті оқыту, оқытуды жеделдету. Үнемі қайталау, блокпен оқыту, тірек қолдану, еркімен оқыту, оқыту мен тәрбиелеуді ұштастыру.

3. Проблемалық оқыту технологиясы. Оқу материалында студентті қызықтыратындай мәселе туғызу. Оны шеше отырып студенттер білімді белсенді қабылдайды.

4. Дамыта оқыту технологиясы. Бұл технологияда оқыта отырып, жеке тұлғаны және оның қабілеттілігін дамыту. Барлық студенттің даму жолындағы жұмыстарды қамту.

5. Оқытудың ақпараттық технологиясы. Мақсаты: оқушыны ақпараттық қоғамға даярлау. Электронды оқулықтар, интерактивті тақта, интернет материалдары.

6. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы. Бұл технология студенттің қызығушылығын оятады, мағынаны танытып, ой-толғаныс кезеңдерінен түзеледі. Сабақ кезінде үйренуші, не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді, қайта қарап өзгерістер енгізеді.

7. Интерактивті оқыту технологиясы - өздігінен әрекет ете алатын азаматтарды тәрбиелеу, студенттерді ұйымшылдыққа, басқаның пікірін тыңдауға, бірігіп шешім қабылдауға үйрету. Студенттер әртүрлі ортада жұмыс істеуге үйренеді. Бұл технология өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды.

8. Кәсіби бағдар беру технологиясы. Оқу жұмыс бағдарламасына мамандыққа сай тақырыптар ендіру. Берілген білімнің тәжірибеде қолдану қажеттілігін жеткізу.

Осы аталғандарды оқыту барысында жеке тұлғалар арасында танымдық қарым-қатынас орнап, оның субъектілерінің бәрі өзара қатынасқа түседі [2]. Әр студенттің жеке жұмысы мен оның жеке тұлғасын дамыту адамдардың бір-бірімен сөйлесу және өзара әрекеттесу барысында жүзеге асады.

Қазіргі заман ағымының тез өзгеруіне сай, болашақ көлік мамандарын өзіндік ізденіс жұмысын атқаруға және өзгеріп жатқан заман талабына бейімдеу мақсатында көлік мамандары үшін "Жүктану" арнайы пән оқытылады. Бұл пәнді оқытудың мақсаты жүк тасымалдарын жетілдіру саласында техникалық, технологиялық және ұйымдастырушылық шараларға сауатты экономикалық баға беруге студенттерді үйрету. Пәнді меңгеру нәтижесінде студенттерде тасымалдау үрдісі туралы; жүк және коммерциялық жұмыс басқару туралы; жүкті автомобиль және теміржол көліктерімен тасымалдау туралы түсініктер болуы; көліктік құқықтық негіздері, тарифтер құру, көліктік-экспедициялық қызмет көрсетудің жаңа әдістері, жүктерді аралас, халықаралық қатынастарда тасымалдауды білуі; жаңа жетілдірілген технологияларда жүк және коммерциялық жұмыстарды ұйымдастыра білуі; автоматтандырылған басқару жүйелері (АБЖ) және тиеу-түсіру жұмыстарын механикаландыру және автоматтандыру, АБЖ шартында есептеу техникаларын пайдалана білуі; техникалық құралдарды жетілдіру, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ете білуі, әр түрлі жүктерді тасымалдау барысында қоршаған ортаны сақтау, әсіресе, қауіпті, ауыр салмақты және төгілмелі-шашылмалы жүктерді тасымалдау жолдарын үйрену; контейнерлер мен автомобильдердің қажетті парктерін есептеу; жүк тасымалдау үшін тасымалдау төлемдерін анықтау; күнтізбелік жоспар құрастыру; тасымалдау құжаттарын толтыру жолдарын тәжірибелік сабақтарда игеру қажет.

Сондықтан арнайы пәндерді интерактивтік оқыту технологиясының бірнеше түрлерін, атап айтқанда:

- жұптасып жұмыс істеу түрін жаңа сабақты бекіту кезінде қолдану. Онда студенттерге өз бетінше сұрақ қойып, оған жауап беру үйретіледі;

- броуындық қозғалыс білім алушыларға курстық жұмыс беру кезінде тиімді, себебі студенттер бүкіл аудитория ішінде қозғала жүріп, берілген тақырып бойынша ақпарат жинайды;

- «өз позицияңды ұстан» деп аталатын интеракцияның да пайда-сы бар. Ең алдымен, қандай да бір ұйғарым немесе ситуациялық сұрақтар оқылады, содан кейін студент «иә» немесе «жоқ» деген аймаққа бөлінген тақтаға (плакатқа) барып, өз шешімдерін жазады және олар осы тандалған жауаптарын, өз позицияларын түсіндіреді [3]. Қандай заңнамаға сүйеніп шешім шығарғанын және оның дұрыстығын түсіндіреді. Яғни, бұл болашақ көлік мамандары үшін ең керекті тәжірибе деп есептеймін.

Білім беру саласы үшін қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту ЖОО-ның басты міндеті болып отыр [4]. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару студенттің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір студенттің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Сондықтан ерінбей – жалықпай, әр тарау, тақырып бойынша тапсырмалар дайындап сабақта пайдаланса, студенттердің қызығушылығы артатынына көз жеткізуге болады.

Әдебиеттер:

1. Мясоед Т.А. «Интерактивные технологии обучения. Спец. Семинар для учителей». М., 2004.
2. Пидкасистый П.И., Хайдаров Ж.С. «Технологии игры в обучении и развитии». М., 1996, 268-бет.
3. Суворова Н. «Интерактивное обучение: Новые подходы»,., 2005.
4. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.